

КОСМОНИМДЕРДІҢ ТІЛДІК САНАДАҒЫ АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІСІ

Ордабекова Х.А.

ф.ғ.к., доцент

Сүлейман Демирел атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан

hafiza_1975@mail.ru

Мәскеу психолінгвистикалық мектебі 90-жылдардың басында этнопсихолінгвистикалық зерттеулердің алғашқы методологиялық базасын қалыптастыра бастады. Этнопсихолінгвистикалық зерттеудің негізгі мәселесі ретінде тілдік сана, тілдік сана ұғымының этномәдени сипаты, мәдениаралық қарым-қатынастағы коммуниканттардың ұлттық санасындағы ерекшеліктері алынды. Адамның тілдік санасында сақталып қызмет атқаратын тілдік жүйе, семантикалық өрістегі сөздердің лексика-семантикалық байланысын, тілдік сана ұғымының этномәдени ерекшелігін сипаттау үшін этнопсихолінгвистикада *ассоциация* әдісі қолданылады. Жалпы кеңестік психолінгвистикада *тілдік сана* тіл бірліктерінің көмегімен (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін және ассоциативті өріс) қалыптасатын сана бейнелерінің жиынтығы ретінде анықталады. Бүгінгі таңда *ассоциация* ұғымы психология саласынан басқа кешенді ұғым ретінде өзге де ғылым салаларында қолданысқа ие болуда. Мәселен, тілтанымдағы жаңа бағыт психолінгвистика, этнопсихолінгвистика, когнитивтік лингвистика салаларында адамның ақиқат дүниені өзінің ана тілі арқылы қабылдап тани отыра, оны тіл арқылы жеткізудегі психикалық әрекеттері туралы мәселелерді қозғағанда *ассоциацияның қызметі* ерекше байқалатыны анықталған [1, 224 б.].

Мағынаның дамуы мен күрделенуі (абстрактіленуі) адамның ассоциативті ойлау жүйесімен тікелей байланысты. *Ассоциация* – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объект пен құбылыс арасындағы байланыс. Кең мағынада алғанда, *ассоциация* – айнала қоршаған дүние үзiгiн таныту үшін қолданылатын психикалық әрекеттер негізінде жүзеге асатын білім алудың көзі. Олай болса, сөз мағынасындағы алуан түрлі өзгерістер, сөздің келтірінді, ауыс мағыналарда, концептілік жүйеде қолданылуы сияқты құбылыстар психологияның ассоциация заңына негізделеді. Түр-түс атауларына қатысты осындай сипаттағы тәжірибе жүргізген зерттеуші Н.Айтова «ассоциация белгілі бір ұлт өкілдерінің сол ұлтқа тән болмысын да, субъективті және ситуациялық білім мазмұнын да, әлеуметтік құбылыс әсерін де белгілеуге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ ассоциативтік өріс ғаламның субъективті тілдік бейнесін танытатынын» атап көрсетеді [2, 57 б.]. Тіл тек қоғамда ғана өмір сүрмейді, ол индивид санасында да өмір сүреді. Индивид санасында өмір сүретін тілдік жүйенің өзара байланыстылығы, қатыстылығы, реттілігі осы ассоциативті өріс негізінде айқындалады. Жалпы ассоциативті эксперимент *стимул (S) – реакция (R)* жүйесі бойынша жүргізіледі. Сөз-стимулдарға берілген сөз-реакциялар жиынтығы ассоциациялық өрісті құрайды. *Ассоциациялық өріс* – мазмұн ортақтығына, ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығына қарай біріккен тілдік бірліктер жиынтығы. Ол ассоциатив сөздердің, өзекті сөздердің төңірегінде бірігуі ретінде түсініледі. Ассоциациялық өріс белгілі бір ұлттық мәдениетте сөз-стимулмен ассоциацияланатын білім жүйесін береді.

Адамның белгілі бір ұғымды танытуда ақпарат адам санасында қалай қабылданса, сол күйінде жадыда сақталып, сол ұлтқа тән тіл арқылы көрініс табады. Кез келген дүниені қарап тани отырып, санада қалыптасқан ассоциацияны немесе сол дүние туралы ұғымды тіл арқылы жеткізу үшін адам білімі, мәдени, рухани танымына сүйенеді. Ол тілдік қордағы лексикалық, фразеологиялық және паремеологиялық құрылымдар арқылы көрініс табады. Мысалы, қойға қатысты *момындық, жуастық, қоңыр тіршілік, байлық, сұлулық* сияқты қазақ халқының ұлттық санасында

стереотипке айналған қарапайым ассоциацияларды құраса, ақын-жазушылар танымында ассоциативтік білім көздері бейнелі түрде көрініс табады.

Қазіргі кезеңде ассоциацияның тәжірибелік деңгейі артып, ассоциативті эксперимент пен оған қатысты практикалық зерттеулер кеңінен жүргізілуде. Ассоциативті эксперимент жүргізудегі негізгі мақсат – субъектінің ақиқат дүниені тануға, танытуға деген белсенділігін, әсерін (реакция) байқау, субъектінің «менін» бақылау. Осы эксперимент арқылы субъектінің мәдениеті мен өмірлік тәжірибесін тануға болады. Әрбір халықтың не ұлттың, әрбір жеке субъектінің қоршаған орта туралы қалыптасқан белгілі бір стереотиптері, өзіндік таныту ассоциациялары болады. Бұл тілдегі кез келген сөздің *ассоциациялық жүйе* құрайтындығын көрсетеді. Сөз мағынасының психологиялық (ассоциациялық) құрылымы тілдік санада қалыптасатын адамның ішкі лексиконымен тығыз байланысты, мұны адам жадындағы лексикалық мағыналардың жүйелі ұйымдасуы деп түсіну қажет.

Психология мен лингвистикада білімнің екі түрі жүйеленген. А.А.Леонтьевтің сөзімен айтқанда, сана бейнесінің танымдық әрекет негізінде қалыптасуы алғашқы бейнелерді, алғашқы сана бейнелерінің модификациялануы нәтижесінде екінші дәрежелі сана бейнелері қалыптасады [3,198 б.]. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты, сол себепті психологияда сана бейнесін сезім мен ақыл-ой бөлігінен тұратын құбылыс ретінде қарастырады да, мұндағы сезім бөлігі танымдық әрекет негізінде қалыптасатын болса, ақыл-ой бөлігі тілдік қарым-қатынас жасау барысында, яғни сана субъектісі сөйлеу әрекетінде айтылған ақпаратты қабылдай отырып, сол қабылданған ақпараттардың мазмұны негізінде жаңа білімді қалыптастырады. Білім жүйесінің мұндай дәстүрлі бөлінісін Л.С.Выготскийдің тұрмыстық және рефлексивті сана деңгейлеріне телуге болады, мұндағы тұрмыстық сана заттық әлемді тану барысында қалыптасса, рефлексивті сана тұрмыстық деңгейдегі білімді қайта өңдеу, қайта ойлау нәтижесінде қалыптасады. Ассоциативті эксперимент арқылы әрбір этномәдени қауымға тән жекелеген әлеуметтік-тұрмыстық ерекшеліктерді жоғарыда көрсетілген білімдер жүйесі негізінде айқындауға болады. Сонымен қатар ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған вербалды ассоциацияларға талдау жүргізу арқылы ғалам бейнесінің ұлттық санада қалай қабылданатынын, оның уәжі мен құндылықтар жүйесін, мәдени әлеуметтік стереотиптерін айқындауға болады. Адамзат көне замандардан-ақ қоршаған ортаның құпияларын тануға ұмтылды. Адам баласын көгілдір аспан, ондағы жұлдыздардың сырлы да жұмбақ әлемі қызықтырған. Түркі халықтары, оның ішінде, қазақ халқы өте көне дәуірлерде аспан шырақтарын ерекше құрметтеген, тіпті кейбір шырақтарына табынған. Қазақ халқы көне дәуірден жұлдызды аспанның құпиясын өздерінше танып, ондағы аспан шырақтарына ат беріп, айдар таққан. Аспан шырақтары туралы әртүрлі ертегі, миф, хикаяттар шығарған. Біз бұл мақалада космонимдік атаулармен байланысты қазақ халқының тілдік санасында қалыптасқан ассоциациялық қатынастарын бейнелейтін семантикалық мағынаның ұлттық мәдени компонентіне көңіл бөлеміз. Бұл сол тілді қалыптастырушы халықтың психологиясын тану үшін де қажет. Тағы бір айта кетерлік жайт, мұндай эксперимент жүргізу арқылы сөздер арасындағы «семантикалық жуықтықты» анықтауға мүмкіндік аламыз. Семантикалық жуықтықтың өлшем бірлігі ретінде сөз-стимулға берілген реакциялардың, яғни ассоциаттардың ұқсастығы негізге алынады. Зерттеу әдісінің негізгі тәсілі ретінде *еркін ассоциативті эксперимент* жүргізіліп, нұсқаулық бойынша әрбір берілген сөз-стимулға ойға түскен бірінші сөзбен жауап беру талап етілді. Экспериментке қатысқан информанттардың жалпы саны - 50 (жиырма бес ер адам және жиырма бес әйел адам). Жас ерекшелігіне келсек, әйел адамдар 22-60 жас аралығын, ал ер адамдар 22-65 жас аралығын құрайды. Барлығы да жоғары білімді, гуманитарлық саладағы мамандар. Ассоциативті эксперимент

еркін түрде жүргізілетіндіктен, әрбір сөз-стимулдарға берілетін сөз-реакцияларды сандық және сапалық жағынан жиілік кестесі түзілді.

Күн, ай, жұлдыз сөз-стимулына байланысты ассоциативті өрісті құрайтын жиілік және индивидуалды ассоциациялар кестесі:

№	КҮ Н	Сөз- реак- ция саны	АЙ	Сөз- реакция саны	Жұлдыз	С ө з - Р е а к ц и я с а н ы
1	жылулық	29	жарық	21	жарық	2 2
2	жарық	28	түн	20	кісі есімі	2 0
3	шуак	25	әдемі	16	көп	1 9
4	ыстық	21	сұлу	12	жаркыраған жұлдыз	1 7
5	тіршілік	19	нұр	9	жұлдыз жымыңдау	1 1
6	планета	18	mezгіл	8	аспан	1 1
7	сәуле	16	жер серігі	8	аспан денесі	9
8	ашық	15	қараңғы	7	әдемілік	9
9	нұр	14	кісі есімі	7	сұлулық	4
10	өмір	13	ай сәулесі	6	планета	4
11	уақыт	7	айдай сұлу	6	арман	4
12	мәңгілік	5	толық ай	6	жорамал	4
13	еркелету	5	жаңа ай	5	сәуле	3
14	жұлдыз	4	махаббат	4	жұлдызы жану	2
15	мәңгілік	3	алла	3	жұлдызым	2
16	күдіретті	2	планета	4	жаркыраған сәуле	2
17	күшті	1	ой, ойлылық	2	аспан шырағы	2
18	жақсылық	1	түнгі жарық	2	аққан жұлдыз	2
19	бұлтты	1	ай аты	2	бақыт	1
20	Көтеріңкі көңіл-күй	1	ай тізбегі		береке	1
21	арайлы	1	отыз күн	1	жұмбақ	1
22	тенелу	1	көркем	1	сикырлау	1
23	қуаныш	1	болжам	1	түнгі аспан	1

24	жаңбырлы	1	жаңа	1	бытырадай	1
25	қарлы	1	сезім	1	жұлдызды түн	1
26			мешіт	1	тылсым түн	1
27			зулайды	1	тұнық аспан	1
28			жақсылық	1	түнгі мезгіл	1
29			еркелету	1	әншілер	1
30			мамыр айы	1	түннің сұлулығы	1
31			тамсану	1	нәзіктік	1
32			берекелі ай	1	жетістікке жеткізу	қол 1
33			ай шықты	1	кішкентай күн	1
34			айдың басы	1	жұлдыздай жайнап	1
35					арман	1
36					талап	1
37					атақты адамдар	1
38					жұлдызы жарық	1
39					аспандағы шапшыраған сәулелер	1
40					романтикалық сезім	1
41					құйрықты жұлдыз	1
42					шырақ	1
43					әсем ой	1
44					көтеріңкі көңіл-күй	1
45					махаббат	1
46					қиял-гажайып ертегілер	1
47					ұйқы	1
48					бесжұлдыз	1
49					бесқұрлық	1
50					бағдар	1
51					нүкте	1
52					таңшолпан	1
53					жұлдызы сөну	1
54					жылулық	1
55					уақыт	1
56					жұлдызы сөнбесін	1
57					жұлдызы жоғары болсын	1
58					ауру	1

Жүргізілген ассоциативті эксперимент материалдарын талдау барысында, сандық әрі сапалық көрсеткіштер бойынша индивидуалды ерекшеліктер біршама көп болды. Экспериментке қатысушылардың кейбіреулері тек 1-2 ассоциация көлемімен әрі кең таралған, жалпыхалыққа таныс мағынасымен шектелсе (күн – жылулық, жарық; ай – жарық, түн; жұлдыз – жарық, аспан, түн), кейбір субъектілер арасында космоимдік атауларға байланысты эмоционалды реңкі жоғары, образды әрі кеңейтілген түрдегі, яғни «өзі үшін мәнді» деп саналатын индивидуалды ассоциациялары да берілген: алланың тіршілік көзінің шуағы ретінде жаратқаны (күн), алланың түнді әсемдеу үшін жаратқаны (ай), алланың аспанды әсем етіп

жаратқан планеталары, қол жетпес арман, аспандағы шашыраған сәулелер, жұлбақ (жұлдыз) және т.б.

Қоршаған ортаны тану, қабылдау әрекеті сезімдік-заттық (сенсорлық-перцептивті) бейне арқылы жүреді де, белгілі бір нысанды жан-жақты әрі терең білген сайын индивид үшін жаңа мәндік белгілері ашыла түседі, сөйтіп жалпы халыққа таныс, әлеуметтік сипат алған ұғымдар жүйесімен байланысты ассоциативті өрістер құрайды. Осының нәтижесінде танылған нысанның концептілік мағынасы кеңейіп, мазмұны арта түседі. Дегенмен кейбір белгілердің мәнділігі арта түсуі де, көмескіленуі де ықтимал. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде күн сөзіне мынадай дефиниция беріледі:

1. Әлемге жарық, қызу беретін, күн жүйесінің орталық денесі, жерге ең жақын жұлдыз.
2. Жаз кездерінде шақырайып, көз қарықтырып қаратпайтын күн табағы.
3. Күн сәулесі тіке түсетін ашық жер, күншуақ (*ауыс.*).
4. Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт, күндіз;
5. Күннің жоғарғы жиегінің шығуы мен батуы аралығындағы күн тәулігінің жарық болатын бөлігі (*терм.*) [4, 486-487 бб.].

Жоғарыда айтылған пікірдің дәлелі ретінде күн сөз-стимулына берілген сандық және сапалық жиілігі жағынан *жылулық, жарық, шуақ, тіршілік* сөз-реакцияларын айтуға болады. Енді *ай* сөзіне берілген дефиницияға назар аударайық:

1. Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі.
2. Жердің табиғи серігі, түнде жарық сәуле түсіріп тұратын, жерге ғарыштағы ең жақын ғаламшар (*астр.*).
3. Жылдың он екіден бір мезгілін қамтитын мезгіл, отыз-отыз бір күндік мерзім.
4. Ислам дінінің ай орағына ұқсас символы (мұсылмандардың Меккеден Мединеге жасырын қоныс аударған түніндегі ескі айдың көрінісі) [5, 131-132]. Мұнда да ай сөз-стимулына *жарық, түн, сұлулық* сияқты сөз-реакциялары берілген.

Бұл ұлттық санада күн – *жылулық, жарық, шуақ*; ай – *жарық, түн, сұлулық* ассоциаттарын құрайтындығының дәлелі. Ал ассоциацияның индивидуалды ерекшелігі сол затқа қатысты қандай да бір ұғымның санада актуалдануы, біріншіден, субъектінің индивидуалды тәжірибесіне, екіншіден, оның функционалды жағдаятына тікелей байланысты. Қазақ халқының космогониялық түсініктері туралы деректерде (Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев) күн мен ай қазақ халқы үшін құдіретті құбылыс Тәңірі ретінде қабылданып, оның мейірімін өзіне аударту үшін табынып, құрбандық шалған. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында ай мен күн жерге тек жарық, жылу беретін ғана емес, жақсылық әкелетін құдіретті күш ретінде танылады. Құдіретті күш саналғандықтан, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде неше түрлі тыйым-жоралғылардың, кісі есімдерінің қалыптасуына әсерін тигізген. Бұған *Күнәлу, Күнтуар, Күнжан, Күнай, Күнжарық, Айсұлу, Айжан, Айнұр* сынды кісі есімдері дәлел. Сонымен қатар, ай мен күн - өмір өзегі саналатын махаббат пен сүйіспеншіліктің символы ретінде де көрініс табады. Ал қазіргі қазақ қоғамы мен мәдениетінде жоғарыда көрсетілген мұндай мәнді белгілердің көмескіленгенін байқаймыз. Өйткені күн мен айға берілген сөз-реакциялардың ішінен *құдіретті, күшті, мәңгілік, алла, махаббат* сияқты бірді-екілі индивидуалды ассоциацияларды кездестіреміз. Керісінше, қазіргі тілдік санада жұлдыз сөз-стимулына берілген жауаптардың ішінен *кісі есімі* (20) реакциясы бсымдық көрсетіп отыр.

Жалпы этнопсихолінгвистикада ассоциативті эксперимент негізінде алынған материалдардың нәтижесін талдауда қалыптасқан бірнеше нұсқалары бар. Талдаудың мұндай түрлері этнопсихолінгвистикадағы ассоциация ұғымының құрамдас бөліктері болып табылады. Енді осы талдауларға жеке-жеке тоқталып отейік:

Синтагмалық ассоциация:

күн - жарық күн, күннің нұры, күн шуағы, күн сәулесі, жарық сәуле, ашық күн, жарық күн, бұлтты күн, жаңбырлы күн, қарлы күн, күндей нұрлы, жақсы күн, бүгінгі күн, тіршіліктің көзі, апта күндері, көтеріңкі көңіл-күй, аспан денесі, аспандағы күн, шуағын төгеді, күн жылытады, күн шықты, күн теңелді.

ай - жердің серігі, жер серігі, күн серігі, түнгі жарық, мамыр айы, айдың сәулесі, ай сәулелі, айдың жарығы, аспан денесі, кісі есімдері, айдың нұры, нұрлы ай, айдың басы, айдың аяғы, берекелі ай, ай шықты, толық ай, календарлық ай тізбегі, отыз күн, зулайды, алла тағы алла, сұлулықтың символы.

жұлдыз – кісі есімі, жарқыраған жұлдыз, жымыңдаған жұлдыз, аспан денесі, аспандағы жұлдыз, жұлдызы жану, жарқыраған сәуле, аспан шырағы, романтикалық сезім, түнгі аспан, жұлдызды түн, тылсым түн, тұнық аспан, түнгі мезгіл, түннің сұлулығы, жетістікке қол жеткізу, кішкентай күн, жұлдыздай жайнау, атақты адамдар, жұлдызы жарық, аспандағы шашыраған сәулелер, аққан жұлдыз, әсем ой, көтеріңкі көңіл-күй, айлы түн, қиял-ғажайып ертегілер.

Синтагмалық ассоциация сөз-стимулдардың сөйлеу тілінде бейнеленетін заттық, әрекеттік қатынастарын предикативті түрде сипаттайтын грамматикалық топ болып табылады.

Парадигмалық ассоциация:

күн - жылы, жылулық, күншуақ, ыстық, аптап, күю; күн - тіршілік, өмір, мәңгілік, уақыт; күн – күдіретті, күшті; күн – жарық, шуақ, нұр, сәуле, арайлы; күн - планета, жұлдыз; күн – қуаныш, көтеріңкі көңіл-күй, жақсылық, күн – ашық, бұлтты, жаңбырлы, қарлы.

ай – көркем, сұлу, әдемі, тамсану; ай – планета, жұлдыз; ай – жаңа, үміт, жақсылық, береке; ай - сезім, махаббат; ай – тылсым, мешіт; ай – еркелету, тамсану; ай – қараңғы, қараңғылық, түн; ай – жарық, нұр, ай – болжам, ой, ойлылық.

жұлдыз – жарық, жарқырау, жымыңдау; жұлдыз – аспан, шырақ, планета; жұлдыз – кісі есімі; жұлдыз - сұлулық, әдемілік, нәзіктік; жұлдыз – сәуле, күн; жұлдыз – кішкентай, нүкте, бытырадай; жұлдыз – романтикалық сезім, махаббат; жұлдыз - түн, ұйқы; жұлдыз – бақыт, береке, арман, талап, қол жеткізу; жұлдыз – жұмбақ, жормала, сиқырлау; жұлдыз - әншілер, атақты адамдар; жұлдыз - әсем ой, көтеріңкі көңіл-күй; жұлдыз – бесжұлдыз, бесқұрлық.

Парадигмалық ассоциациялар адам санасындағы не адам жадындағы сөз-лексемалардың лексикалық және грамматикалық парадигмадағы қатынастарын, яғни сөз-реакциялардың сөз-стимулдарға тән лексика-грамматикалық, лексика-семантикалық тобын көрсетеді.

Ұлттық (метафоралық) ассоциация (әлеуметтік стереотиптер, ауыспалы және символикалық мағыналарды бейнелейді):

күн - тіршілік, тіршіліктің көзі, өмір, мәңгілік, күндей нұрлы, күнім, жарығым, сәулем т.б.;

ай - мешіт, тылсым, айлы түн, сезім, махаббат, айдай сұлу, ай сәулелі, айым, айды алқа қып таққандай т.б.;

жұлдыз – жұлдызы жану, жұлдызым, жұлдызды түн, жұлдыз көп болса, күн жылы болады, жұлдызы сөнбесін, жұлдызы жоғары болсын, жарқыраған сәуле, атақты адамдар, әншілер, жұлдыз жорамал, жетістікке қол жеткізу, қол жетпес арман т.б.

Түсіндірмелі немесе сипаттамалық ассоциация:

күн - әлемдегі ең ыстық планета, әрбір өтіп жатқан күн, өте жоғары деңгейде қызатын плазмалық шар, алланың тіршілік көзінің шуағы ретінде жаратқаны, әлемді жылытатын күн, жерге ең жақын жұлдыз;

ай - мұсылман халықтарында символикалық белгісі, алланың түнді әсемдеу үшін жаратқаны, айдың тууылуына қарап ауа-райын болжауға болады, түн мезгілінде

айдың әдемі көрінісін тамашалауға болады, жерге ең жақын аспан денесі, ай сәулесі көлдің бетіне түседі;

жұлдыз – алланың аспанды әсем етіп жаратқан планеталары, аспандағы шашыраған сәулелер, аспан әлеміндегі ерекше көрініс, кішкентай күн.

Ассоциациялық қатынас:

күн – жарық, жылулық, тіршілік, ашық, сары, қар, жаңбыр; **ай** – жарық, түн, сәуле, нұр, мешіт, сезім; **жұлдыз** – жарқырау, таңшолпан, атақты адамдар, бес құрлық.

Тұрақты сөз тіркесі:

күн - күн сәулесі, күн нұры, күн шуағы, күннің теңелуі; **ай** - ай нұры, нұрлы ай, айдай сұлу, нұр сәулелі, толық ай, жаңа ай; **жұлдыз** - тылсым түн, жұлдыздай жайнау, жұлдыздай жарқырау, жұлдызы жану, жұлдызы жарық, жарқыраған сәуле, айлы түн, әсем ой, аққан жұлдыз, құйрықты жұлдыз, жұлдыз ақты, жұлдызы сөнү, жұлдызды түн, жұлдызы сөнбесін, жұлдызы жоғары болсын, көктегі жұлдыз.

Таңбаланатын заттар арасындағы **ситуациялық байланысқа** негізделген реакциялар: **жұлдыз** – түн, ұйқы; жұлдыз – махаббат, қиял-ғажайып ертегілер, жұлдыз – ауру (жағымсыз бағалауыштық мән).

Әлеуметтік детерминделген реакция: **күн** - тіршілік, көтеріңкі көңіл-күй, қуаныш, еркелету; **ай** - сұлулық, сезім, еркелету; **жұлдыз** – бес құрлық, кісі есімі.

Эмоционалды-бағалауыштық ассоциация:

күн - жақсылық, қуаныш, жақсы күн, арайлы күн, еркелету, көтеріңкі көңіл-күй (тікелей бағалауыштық сипатты білдірсе); қарлы, жаңбырлы, бұлтты және ашық күн (ауа-райының құбылуына орай сипатталады);

ай - сұлулық, әдемілік, көркемдік, толық ай, нұр, махаббат, сезім, үміт, алла, мешіт, тамсану, берекелі ай.

жұлдыз – сұлулық, романтикалық сезім, бақыт, жайнау, жарқырау, жұмбақ, әсем ой, жұлдыз, атақты адамдар, жақсы көңіл-күй және т.б.

Сонымен космонимдік атаулар семантикасының (күн, ай, жұлдыз) көптеген мән-мағыналарды иеленетіндігі, әрбір атаудың ортақ әрі индивидуалды саналатын бірнеше ұғымдар жиынтығынан тұратындығы айқындалды. Бұл сөз семантикасының қоғамдағы тарихи-мәдени, әлеуметтік өзгерістерге қатысты өзгеріске түсіп отыратындығының тағы да бір дәлелі болмақ. Жүргізілген ассоциативті эксперимент материалдары тілдік бірліктердің семантикалық құрылымының психолингвистикалық негізі бар екендігін көрсетеді. Оның нәтижелері психолингвистикада «ассоциациялық өріс» ұғымын айқындайтын тіл иеленушілерінің тілдік санасында сақталатын тілдік жүйедегі сөздердің семантикалық қатынасын сипаттауда құнды материал болып табылады. Ассоциативті эксперимент материалдарын талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік:

– тілдік санадағы күн, ай және жұлдыз атауларының когнитивті-семантикалық өрісі көптеген мән-мағыналарды иеленетін концептілік мағынаға ие, тұрақты және ассоциативті түрде қалыптасқан индивидуалды ұғымдар жүйесінен тұрады;

– космонимдік атаулардың семантикалық мағынасы танымдық, метафоралық, эмоционалды-бағалауыштық және ассоциялық қатынастар жиынтығынан тұратын көпқырлы жүйе болып табылады;

– ұлттық-мәдени ерекшелікті құрайтын тұрақты символикалық құрылымы бар тілдік жүйе ретінде көрсетті;

– қазіргі тілдік санада тұрақты вербалды ассоциация арқылы көрініс табатын дәстүрлі дүниетаным элементтерінің сақталатындығы айқындалды;

– әйел және ер адамдардың мінез-құлық әрекеті ассоциативті өріс құрылымына өзіндік әсерін тигізеді. Біріншіден, ми жүйесінің функционалды асимметриясы, оң және сол жақ жарты шарларының қызметінің ерекшелігі әйел, ер адамдардың сөйлеу

әдебіне, екіншіден, әйел және ер адамдардың ассоциативті қабылдауына да әсер ететіндігі байқалды. Атап айтқанда:

- ассоциативті өріс құрылымын зерттеуде космонимдік атауларға берілген сөз-реакциялар әйел адамдардың сөйлеу тіліне қарағанда әртүрлілігімен ерекшеленеді. Әйел адамдардың тілінде ерекшелік соншалықты байқалған жоқ;
- сөз таптары тұрғысынан алғанда сын есімдер жүйесі ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың тілінде көбірек кездесетіні байқалды, сын есімнің градуалды принциппен қолданылуы ер адамдар тілінде басымдық танытты. Мәселен, ай сөзіне берілген сөз-реакциялардың қатарында *әдемі* сөзі тек әйел адамдарға тән болса, *сұлу*, *сұлулықтың символы* реакциясы тек ер адамдардың тіліне тән болып шықты;
- сөз-реакциялардың мазмұндық сипатына назар аударсақ, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі түрінде келуі әйел адамдардың тіліне, ал сөз-реакциялардың кеңейтілген түрдегі сипаттамалы ассоциацияның ер адамдардың тіліне тәндігі айқындалды;
- ер және әйел адамдардың космонимдік атауларға байланысты берілген сөз-реакцияларының ішінен жағымсыз бағалауыштық мәнде жұлдыз сөз-стимулына берілген *ауру* сөз-реакциясы (қазіргі қоғамдық санаға тән) болмаса, қалған сөз-реакциялардың мазмұндық жағы жағымды бағалауыштық мәнді құрайды.

Әдебиеттер:

1. Психологический словарь // Под ред. В.П.Зинченко, Б.Г. Мещерякова. -М.: Педагогика. – Пресс, 1999. – 440 с.
2. Айтова Н. Қазақ тіліндегі түр–түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2005. –126 б.
3. Леонтьев А.А. Общие сведения об ассоциациях и ассоциативных нормах // Словарь ассоциативных норм русского языка. М., 1977.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VIII том. –Алматы, 2007. -742 бет.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. I том. –Алматы, 2006. -748 бет.

Summary

The article dwells upon results of associative experiment. Word associations connected to Cosmonyms have set semantic and associative connections which make up national cultural peculiarity of Kazakh cognition. The results obtained proved that linguistic cognition of modern Kazakhs preserved elements of traditional worldview, fixed as set verbal associations.